

 BOLASHAQ ACADEMY «Bolashaq» Академиясы	Сапа менеджменті жүйесі Ғылыми зерттеулер орталығы туралы Ереже	СМЖ Ж ҒЗО 123-2021 01 нұсқа Күні 2025. 09.26. Бет. 1 - 10
---	--	--

БЕКІТЕМІН

«Bolashaq» Академиясының Ректоры,
философия докторы (PhD)

Қ.Б.Аданов

20 25 ж.



САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

«Bolashaq» Академиясының Ғылыми зерттеулер орталығы туралы
(«Bolashaq» Академиясының ҒЗО)

ЕРЕЖЕ

СМЖ Ж ҒЗО 123-2025

№ 2 ¹ дана
көшірме

Қарағанды, 2025



«Bolashaq» Академиясы»

Сапа менеджменті жүйесі
Ғылыми зерттеулер орталығы туралы Ереже

СМЖ Ж ҒЗО 123-2021

01 нұсқа

Күні 2025. 09.26.

Бет. 2 - 10

1 ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ: ҒЖжХБ жөніндегі проректор жұмыс тобымен (ЖТ) бірлесіп
ЖТ басшысы – Асакаева Д.С.

2 БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ: «Bolashaq» Академиясының Ғылыми кеңесі

3 ӘЗІРЛЕУШІЛЕР:

- ҒЖжХБ жөніндегі проректор – Асакаева Д.С.
- ҒжХБ басқармасының басшысы – Хасенов Б.Р.
- ғылыми қызметкер – Тұрғанбай М.Д.
- маман - Смагулова Г.С.

4 ТЕКСЕРУ МЕРЗІМДІЛІГІ: 1 жыл

5 ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ: СМЖ Ж ҒЗО-2025

Осы Ереже «Bolashaq» Академиясы» ЖМ ректорының рұқсатынсыз толық немесе ішінара қайта шығарылмайды, көбейтілмейді және таратылмайды.



BOLASHAQ

ACADEMY

«Bolashaq» Академиясы»

Сапа менеджменті жүйесі
Ғылыми зерттеулер орталығы туралы Ереже

СМЖ Ж ҒЗО 123-2021

01 нұсқа

Күні 2025. 09.26.

Бет. 3 - 10

Мазмұны

1. Жалпы ережелер.....	4
2. Мақсаттар мен міндеттер	4
3. Функциялар	5
4. Құрылым және басқару.....	5
5. Құқықтары мен міндеттері	5
7. Қорытынды ережелер.....	7
А қосымшасы.....	8
Б қосымшасы.....	9
В қосымшасы.....	10

 BOLASHAQ ACADEMY «Bolashaq» Академиясы	Сапа менеджменті жүйесі Ғылыми зерттеулер орталығы туралы Ереже	СМЖ Ж ҒЗО 123-2021 01 нұсқа Күні 2025. 09.26. Бет. 4 - 10
---	--	--

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы «Bolashaq» академиясының Ғылыми зерттеулер орталығы (бұдан әрі - Орталық) туралы ереже «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII Заңына, «Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысына, «Bolashaq» академиясының Жарғысына сәйкес әзірленді (бұдан әрі - Академия) және Академияның өзге де нормативтік актілерімен айқындалады және Орталықтың мәртебесін, мақсаттарын, міндеттерін, функцияларын, құрылымын, құқықтарын, міндеттері мен өзара іс-қимыл тәртібін айқындайды.

1.2. Орталық Ғылым және халықаралық байланыс басқармасының құрамына кіретін Академияның ғылыми және әкімшілік құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Орталық Академияның ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректорына тікелей бағынады.

1.3. Орталықтың заңды тұлға мәртебесі жоқ. Орталықтың қызметі Академияның материалдық-техникалық және өзге де ресурстары базасында жүзеге асырылады.

1.4. Орталықтың қызметін қаржыландыру және материалдық-техникалық қамтамасыз ету Академия қаражаты есебінен, сондай-ақ заңнамада тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

2. Мақсаттары мен міндеттері

2.1. Орталық қызметінің негізгі мақсаты Академиядағы ғылыми-зерттеу жұмысын үйлестіру және жандандыру, профессорлық-оқытушылық құрам мен білім алушылардың ғылыми әлеуетін дамытуға және ғылыми қызметінің тиімділігін арттыруға жәрдемдесу болып табылады.

2.2. Көрсетілген мақсатқа қол жеткізу үшін Орталық мынадай міндеттерді шешеді:

- Академияда постдокторантура бағдарламасын ұйымдастыру және сүйемелдеу;
- гранттық жобаларды (оның ішінде ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі (ҚР ҒЖЖБМ) және халықаралық гранттар желісі бойынша) әзірлеуге және іске асыруға қатысу;
- сыртқы ұйымдармен жасалған шарттар бойынша орындалатын шаруашылық-шарт ғылыми-зерттеу жұмыстарын сүйемелдеу;
- кафедралық ғылыми тақырыптарды үйлестіру, кафедралардың ғылыми есептілігін жинау және талдау;
- магистранттардың ғылыми тағылымдамалары мен ғылыми-зерттеу жұмыстарын қолдау (МҒЗЖ).

 BOLASHAQ ACADEMY «Bolashaq» Академиясы	Сапа менеджменті жүйесі Ғылыми зерттеулер орталығы туралы Ереже	СМЖ Ж ҒЗО 123-2021 01 нұсқа Күні 2025. 09.26. Бет. 5 - 10
---	--	--

3. Функциялары

Орталық жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- постдокторанттарды іріктеуді, олардың зерттеулерін үйлестіруді және нәтижелер мониторингін қоса алғанда, Академияда постдокторантура бағдарламасының орындалуын ұйымдастырады;
- ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыруға өтінімдер дайындауды үйлестіреді;
- ҚР ҒЖЖБМ гранттық жобаларын және халықаралық ғылыми гранттарды іске асыруды сүйемелдеуді қамтамасыз етеді;
- сыртқы ұйымдармен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге шарттар жасасуды және олардың орындалуын ұйымдастырады, шаруашылық келісімшарттық ҒЗЖ орындалу сапасына бақылауды жүзеге асырады;
- Кафедралық ғылыми тақырыптарды жоспарлауды және орындауды үйлестіреді, ҒЗЖ қорытындылары бойынша кафедралардың ғылыми есептерін жинайды, талдайды және қорытады;
- қазіргі заманғы цифрлық және зерттеу технологиялары (деректерді талдау, корпусстық лингвистика, статистика және т.б.) бойынша оқыту жүргізеді;
- магистранттар мен ғылыми жетекшілерге ғылыми тағылымдамалар өткізуде және МҒЗЖ орындауда ұйымдастырушылық және әдістемелік қолдау көрсетеді, магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстары жоспарларының орындалуын бақылайды.

4. Құрылым және басқару

4.1. Орталықтың құрылымы, штат кестесі және қызметкерлер саны «Bolashaq» академиясы ректорының бұйрығымен бекітіледі.

4.2. Орталықтың құрамына лауазымдар кіреді:

- Орталықтың басшысы;
- әлеуметтанушы;
- IT маманы;
- маман.

4.3. Қызметкерлердің функционалдық міндеттері белгіленген тәртіппен бекітілетін лауазымдық нұсқаулықтармен айқындалады.

5. Құқықтары мен міндеттері

5.1. Орталықтың құқықтары

Ғылыми зерттеулер орталығы құқылы:

- Академияның құрылымдық бөлімшелерінен Орталықтың қызметіне қатысты мәселелер бойынша қажетті ақпаратты, құжаттар мен материалдарды белгіленген тәртіппен сұратуға және алуға;



- жүктелген функцияларды орындау үшін Академияның барлық кафедраларымен және қызметтерімен өзара іс-қимыл жасауға;
- Академия басшылығының қарауына ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыруды жетілдіру, гранттық бағдарламаларға қатысуды кеңейту, ҒЗЖ тиімділігін арттыру және ғылыми инфрақұрылымды дамыту жөнінде ұсыныстар енгізу;
- Академияның басшылығымен келісім бойынша ғылыми жобаларды орындауға, сараптамалар мен ғылыми іс-шараларды жүргізуге қатысу үшін профессорлық-оқытушылық құрамды, магистранттарды, студенттерді, сондай-ақ сыртқы мамандарды (сарапшыларды) тартуға;
- Орталықтың қызметіне байланысты мәселелер бойынша (ғылыми ынтымақтастық, жобаларды іске асыру, тағылымдамалар және т.б.) белгіленген тәртіппен сыртқы ұйымдарда Академияның мүддесін білдіруге;
- Орталықтың міндеттерін шешу үшін Академияның материалдық-техникалық, ақпараттық және басқа да ресурстарын пайдалану.

5.2. Орталықтың міндеттері

Орталық (және оның қызметкерлері) міндетті:

- осы Ережеде көзделген өзіне жүктелген міндеттер мен функцияларды уақтылы және сапалы орындауға;
- өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, Жарғының және Академияның ішкі нормативтік актілерінің талаптарын сақтауға;
- Орталықтың жұмыс бағыттары бойынша белгіленген құжаттаманы (жоспарлар, есептер, бағдарламалар және т.б.) жүргізуге, оның сақталуы мен жүйеленуін қамтамасыз етуге;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге бөлінетін қаражат пен ресурстардың тиімді және мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етуге;
- Орталық қызметі барысында еңбек тәртібін, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы талаптарын, сондай-ақ Академияның ішкі тәртіп ережелерін сақтауға міндетті.

6. Өзара іс-қимыл

Орталық өз функцияларын орындау процесінде Академияның мынадай құрылымдық бірліктерімен және сыртқы ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды:

- Академияның кафедраларымен - кафедралық ғылыми тақырыптарды жоспарлау және іске асыру, магистранттардың ҒЗЖ ұйымдастыру және өткізу, кафедралардың ғылыми жұмыс туралы есептілікті ұсынуы мәселелері бойынша;
- ғылыми қызметті стратегиялық жоспарлау, Орталықтың жұмыс жоспарларын келісу және Орталықтың есептерін қарау мәселелері

 BOLASHAQ ACADEMY «Bolashaq» Академиясы	Сапа менеджменті жүйесі Ғылыми зерттеулер орталығы туралы Ереже	СМЖ Ж ҒЗО 123-2021 01 нұсқа Күні 2025. 09.26. Бет. 7 - 10
---	--	--

бойынша ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректормен;

- Академияның ғылыми және инновациялық жұмысының жалпы жүйесінде Орталықтың қызметін үйлестіру, ғылыми іс-шараларды бірлесіп ұйымдастыру, жобалар мен халықаралық ынтымақтастық туралы ақпарат алмасу бөлігінде - Ғылым және халықаралық байланыс басқармасымен (ҒЖХББ);
- Академияның бухгалтериясымен және қаржы қызметтерімен - ғылыми-зерттеу жобаларын қаржыландыруды жоспарлау және есепке алу, гранттар мен шаруашылық шарт бойынша түсімдер қаражатын мақсатты пайдалану, ҒЗЖ бойынша қаржылық құжаттарды ресімдеу мәселелері бойынша;
- сыртқы ұйымдармен (жоғары оқу орындарымен, ғылыми-зерттеу институттарымен, қорлармен, кәсіпорындармен және т.б.) - ҒЗЖ жүргізуге арналған шарттарды жасасу және орындау, гранттық қаржыландыруға арналған конкурстарға бірлесіп қатысу, ғылыми тағылымдамаларды ұйымдастыру мәселелері бойынша, сондай-ақ ғылыми ынтымақтастықтың басқа да бағыттары бойынша.

7. Қорытынды ережелер

7.1. Осы Ереже Академияның Ғылыми кеңесінде қаралады және Академия ректорының бұйрығымен қолданысқа енгізіледі. Осы Ережеге барлық өзгерістер мен толықтырулар кейіннен ректордың бұйрығымен бекітіле отырып, Ғылыми кеңестің шешімі негізінде енгізіледі.

7.2. Орталық туралы жаңа ереже бекітілгеннен кейін осы Ереже күшін жояды. Орталықтың және Академияның өзге де байланысты бөлімшелерінің қызметкерлері өз қызметінде осы Ережені басшылыққа алуы тиіс. Осы Ереже нормаларының орындалуын бақылауды ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор жүзеге асырады.



Бет. 9 - 10

[illegible]

[illegible]